

**Астана қаласы әкімдігінің
№92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК
Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау орталығының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже балабақша жанынан құрылған Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.
- 1.2. Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, балабақша Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.
- 1.3. Орталық балабақша меңгерушісінің бұйрығы негізінде құрылады.
- 1.4. Орталықтың қызметі тегін жүргізіледі.

2. Орталықтың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты:

Ата-аналарға педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балалардың үйлесімді дамуына жағдай жасау.

2.2. Міндеттері:

- ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру;
- бала тәрбиесінде туындайтын қиындықтардың алдын алу;
- ата-аналарға психологиялық кеңес беру;
- отбасындағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру;
- буллинг пен агрессивті мінез-құлықтың алдын алу;
- ата-аналармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру.

3. Орталықтың қызмет бағыттары

- 3.1. Педагогикалық және психологиялық кеңес беру.
- 3.2. Ағартушылық және профилактикалық жұмыстар.
- 3.3. Ата-аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер өткізу.
- 3.4. Жеке және топтық жұмыстар ұйымдастыру.
- 3.5. Ақпараттық-әдістемелік материалдар тарату.

4. Орталықтың құрылымы және басқару

- 4.1. Орталықтың жұмысын балабақша меңгерушісі үйлестіреді.
- 4.2. Орталықтың негізгі жұмысын педагог-психолог жүзеге асырады.
- 4.3. Қажет болған жағдайда тәрбиешілер, әдіскерлер, медицина қызметкері тартылады.
- 4.4. Орталықтың қызметі жылдық жұмыс жоспары негізінде жүргізіледі.

5. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Ата-аналардың құқықтары:

педагогикалық-психологиялық көмек алуға;

кеңес пен ұсыныстар сұрауға;
Орталық іс-шараларына қатысуға.

5.2. Ата-аналардың міндеттері:

мамандардың ұсынымдарын орындау;
балабақшамен ынтымақтастықта болу;
бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау.

5.3. Орталық мамандарының міндеттері:

ата-аналарға сапалы кеңес беру;
күпиялылықты сақтау;
жүргізілген жұмыстарды тіркеу және есепке алу.

6. Орталық жұмысының ұйымдастырылуы

6.1.Орталықтың жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі.

6.2.Кеңестер жеке және топтық түрде өткізіледі.

6.3. Жұмыс нәтижелері есеп құжаттарында көрсетіледі.

7. Жауапкершілік

7.1.Осы Ереженің орындалуына балабақша меңгерушісі жауапты.

7.2.Орталық қызметкерлері өз міндеттерін тиісті деңгейде орындауға жауапты.

8. Қорытынды ережелер

8.1.Осы Ереже балабақша меңгерушісінің бұйрығымен бекітіледі.

8.2.Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

8.3.Ережеге өзгерістер мен толықтырулар балабақша меңгерушісінің бұйрығымен енгізіледі.